


ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ӘКЕЛСІН!



<https://besqaragay.kz> ● газет Бесқарағай ауданына тарайды

Аудандық әкімдікте

БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРДІ

Өткен жұма 24 желтоқсан күні Бесқарағай аудандық әкімдігінің отырысы өтті. Жиынға аудан әкімі Жарқынбек Байсабыров, мәслихат хатшысы Мейрамгүл Абылғазина, облыстық мәслихат депутаты, аудан әкімі аппаратының қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлімдердің және ауданның мемлекеттік мекемелерінің басшылары, қоғам және БАҚ өкілдері қатысты.



Ербол ЕРЕНҰЛЫ

Мереке қарсаңында

ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

24 желтоқсан күні Бесқарағай ауданындағы Бас шыршаның шамы жағылып, Орталық алаңда «Армандар жұлдыздай жарқырасын!» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Шырша шамын жағу рәсімі сән-салтанатымен өтіп, балаларға ерекше қуаныш сыйлады.

Аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Баталов тұрғындарды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

- Құрметті жерлестер, Бесқарағай ауданының тұрғындары Сіздерді келе жатқан Жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Өтіп бара жатқан жылға өкпеіміз жоқ. Алға қойған жоспарларымыз орындалып, жаңа табыстарға қол жеткіздік. Келер жылы атқарар істеріміз де аз емес. Жаңа жыл отбасыларыңызға жақсылық, құт-береке, қуаныш әкелсін. Барлық қиындықтар ескі жылмен артта қалсын. Жаңа жыл құтты болсын!- деді аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Баталов.

Мерекелік кешке қатысушыларға көңілді әндер тыңдап, естелік суретке түсіп, мерекелік көңіл-күйге бөленді.

«ББ» - ақпарат



Өтіп бара жатқан 2021 жыл мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық ғана емес, саяси өмірінде де маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінң, облыстардың, қалалар мен аудандар мәслихаттарының депутаттарын сайлау науқанды түрде өтті.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛАР ОРЫНДАЛУДА

«Nur Otan» партиясының аудандық филиалы өз кандидатураларын ілгерілетуге белсенді қатысты. Сайлау алдында кандидаттар мен депутаттар ұйымдардың, мекемелердің, фермерлік және шаруа қожалықтарының еңбек ұжымдарымен кездесіп, азаматтармен канвассинг және экспромт-кездесулер түрінде жеке әңгімелесулер өткізді. Сайлаушыларға сайлау алдындағы бағдарламаның негізгі ережелерін жеткізіп, азаматтардың өтініш-тілектерін жинақтады. Сайлау науқаны аяқталғаннан кейін 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Өркімге лайықты өмір!» сайлау алдындағы бағдарламасын орындауға бағытталған «Жол картасы» жасалды. Бүгінгі таңда «Жол картасының» 41 іс-шарасы толығымен іске асырылды.

Сайлау қорытындысы бойынша партиялық кадрлық резерв қалыптастырылып, аудандық мәслихатта 9 депутаттық мандат бөлінді.

«Жол картасын» жүзеге асыру барысын бақылау мақсатында партияның аумақтық филиалы жаңынан 8 Қоғамдық кеңес құрылып, жұмыс істеуде (Жастар ісі, білім беру мен денсаулық сақтау

ды дамыту, аграрлық сектор, экология, өңірлік даму, әлеуметтік мәселелер және т.б.).

Қоғамды демократияландырудың нақты көрсеткіші - халықтың ауылдық округтер әкімдерін тікелей сайлауы болды. Әкімдердің өкілеттігі аяқталған Глуховка және Беген ауылдық округтерінде халық «Nur Otan» партиясынан кандидаттарды сайлады.

Партия Жарғысына сәйкес, аудандық конференцияда партияның аумақтық филиалының төрағасы болып партияның орталық аппаратының басшылығымен әңгімелесуден сәтті өткен аудан әкімі Ж.Байсабыров бірауыздан сайланды.

Филиалда ай сайын партиялық бақылау комиссиясының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің отырыстары өткізіледі, онда партияның жекелеген мүшелерінің, сондай-ақ бастауыш партия ұйымдары мен партиялық топтардың қызметі қаралады.

Тұрақты негізде қоғамдық қабылдау жұмыс істейді. Онда жергілікті атқарушы, өкілді, құқық қорғау және қа-

дағалау органдарының басшылары азаматтарды қабылдап, мәселелерін шешіп, нақты ұсыныстар мен түсініктемелер береді.

Ауданда партия мүшелерінің күшімен «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Халыққа көмек», «Жастар Отанға» және басқа да әлеуметтік бағыттағы партиялық жобалар жүзеге асырылуда.

Жаңа жыл қарсаңында «Nur Otan» партиясының Бесқарағай аумақтық филиалының мүшелері мемлекетіміздің дамуына күш-жігерін, кәсібилігін, білімі мен іскерлігін сарп еткен ардагерлерді құттықтады.

Құрметті жерлестер, Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Еліміздің жетекші партиясымен бірге тәуелсіз мемлекетіміз гүлдене берсін!

Б.ОМАРОВ,
«Nur Otan» партиясының
Бесқарағай аумақтық
филиалы төрағасының бірінші
орынбасары

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Бұл уақыт - өткенге есеп беретін, алдағы жоспарларды айқындайтын маңызды кезең.

Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2021 жыл ауданымыз үшін жемісті жыл болды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясаты мен берген тапсырмалары аясында Бесқарағай ауданы да өсіп-өркендеп, халықтың тұрмыс деңгейі көтеріліп келеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында атап айтар жетістіктеріміз көп.

Биыл көп балалы отбасыларды баспанамен қамтуды жалғастырып, Жеңіс саябағы мен Жастар үйін пайдалануға бердік. Ауылдық округтерде, елді мекендерде су құбырлары тартылып, шалғай жатқан ауылдар таза ауыз сумен қамтамасыз етілуде. Ауданның көшелері жөнделіп, түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, балалар ойын және спорт алаңдары, шағын орталықтар ашылды.

Келер жылы да алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Президент тапсырмаларын, Жолдауда айтылған басым бағыттарды іске асыруды жалғастыра береміз.

Жаңа жыл өр шаңыраққа бақ-береке, ырыс-ынтымақ, таусылмас ризық әкелсін. Ел іргесі аман, бауырымыз бүтін болсын!

Бесқарағай ауданының әкімі
Жарқынбек БАЙСАБЫРОВ
Аудандық мәслихат хатшысы
Мейрамгүл АБЫЛҒАЗИНОВА

Денсаулық сақтау

ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ЖАЛҒАСУДА

Міне, бүкіл әлемдік пандемияның тағы бір жылы өтті. Бұл жыл медицина қызметкерлері мен халықтың жадында екле жұмыстарының жүруімен қалары сөзсіз.



Жалпылама вакцинация Қазақстанда ағымдағы жылдың ақпан айынан, ал Бесқарағай ауданында 2021 жылдың 15 наурызынан басталды. Екпені алғашқы болып медицина қызметкерлері, білім беру ұйымдарының және әскери күш құрылымдарының қызметкерлері алды.

Жылдың басында Бесқарағай ауданының медицина мекемелеріне тіркелген халық саны 17 227 адамды құрады. Бүгінде өңірде 10 екпе егу пункті жұмыс істеуде, оның біреуі - жылжымалы медициналық кешен. Пункттер барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

Бесқарағай ауданының тұрғындары, негізінен, «Гам-КОВИД-Вак» (Спутник V), КоронаВак, Синофарм, КазВак, ХятВак вакциналарын алды.

Вакцинациялауға жататын халық тобы 11 627 адам болса, 12 237 тұрғын (105,5%) екпе алды. Ревакцинация 2021 жылдың 1 желтоқсанынан басталды.

2021 жылдың қараша айында Қазақстанда 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер арасында екпе жүргізу басталды. АҚШ-тың «Pfizer» фармацевтикалық компаниясының «Cominaty» вакцинасы қолданылуда.

«Cominaty» вакцинасының құрамында вирус жоқ, сол себепті ол ауру тудырмайды. Вакцинация үрдісі екі бөлімнен тұрады: бірінші және екінші доза арасындағы

қашықтық 21-28 күнді құрайды. Вакцинация ерікті түрде, вакцина алатын жанның немесе ата-анасының, қамқоршысының рұқсатынан кейін жүргізілетінін ескертеміз.

Бүгінгі күні ауданда осы топ бойынша вакцинациялауға жататындар саны - 1903 адам, оның 1559-ы екпе алды. Жеткізілген вакцина - 3936, вакцина қалдығы - 2377.

Жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін әйелдерді вакцинациялау жұмыстары жалғасуда.

Н.ДҮЙСЕНОВА,
Бас дәрігердің
орынбасары

Статистика

АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҢ НӘТИЖЕЛЕР БАР

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 465 млн. теңгені құрады немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 107,8%-ға артық (2285,8 млн. теңге). ФКИ – 119,2%. Жоспар-тапсырма 2 463,3 млн. теңге көлемінде беріліп, 100% орындау күтілуде.

Өңдеу өнеркәсібі бойынша 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 1 042 млн. теңгеге өнім өндірілді немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 106%-ға (982,6 млн. теңге) өсті. ФКИ – 100,1%. Жоспар-тапсырма 1042 млн. теңге көлемінде беріліп, 100% орындау күтілуде.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ауыл шаруашылық өнімінің жалпы көлемі 35 881 млн. теңгеге жетті. Бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 132,9%-ға (26 995 млн. теңге) артық. ФКИ – 103,6%. Жоспар-тапсырма 35 879,9 млн. теңге көлемінде беріліп, 100% орындау күтілуде.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға инвестициялар көлемі 4 000 млн. теңгені құрады немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 121,6%-ға өсті (3 290,4 млн. теңге). ФКИ – 115,5%. Жоспар-тапсырма 4 000 млн. теңге көлемінде беріліп, 100% орындау күтілуде.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 1 484,7 млн. теңге болды немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 71,5%-ды құрады (2 077,4 млн. теңге). ФКИ – 65,5%. Жоспар-тапсырма 2 350 млн. теңге көлемінде беріліп, 63,2% орындау күтілуде.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 4 994 шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 87,4%-ды (5717 шаршы метр) құрайды. 4 994 шаршы метр көлеміндегі жоспар-тапсырманы 100% орындау күтілуде.

Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің төмендеуі - 2021 жылы екі пәтерлі 12 тұрғын

үй, 2020 жылы 18 үй салынды.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында бөлшек тауар айналымының көлемі 4 285 млн. теңгені құрады немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 108%-ға артық (3 969,4 млн. теңге). ФКИ – 100%. Жоспар-тапсырма 4 223,6 млн. теңге көлемінде беріліп, 101,4% орындау күтілуде.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында жұмыс істеп тұрған шағын бизнес кәсіпорындарының саны 965 бірлікке жетті немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (889 бірлік) 108,5%-ды құрайды деп күтілуде. Жоспар-тапсырма 918 бірлікте беріліп, 105,1% орындау жоспарлануда.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында жергілікті бюджетке түсетін түсімдер көлемі 887,1 млн. теңге немесе 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 116,7%-ға артық (759,9 млн. теңге) орындау күтілуде.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша 2022 жылға арналған міндеттер:

- ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық көрсеткіштері бойынша өсу қарқынын қамтамасыз ету;
- салық түсімін 103%-ға ұлғайту;
- пайдаланылмайтын жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмысты күшейту;
- жер учаскелерін беру бойынша сәуада-саттық (конкурстар мен аукциондар) өткізу.

М.АБЫЛҒАЗИНОВА,
Экономика және бюджеттік жоспар-лау бөлімінің басшысы